

Павлодар облысы Лебяжі ауданының Байымбет, Тереңкөл, Құмсуат, Широкое ауылдарын тарату туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 6 және Павлодар облыстық мәслихатының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 110/12 бірлескен қаулысы мен шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 мамырда № 5500 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабы 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Лебяжі ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Таратылсын және есептік деректерден шығарылсын:

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты кейіннен есептік деректерден шығару және оның аумағын Лебяжі ауданы Шақа ауылының құрамына енгізу арқылы Шақа ауылдық округінің Байымбет ауылы;

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты кейіннен есептік деректерден шығару және оның аумағын Лебяжі ауданы Тақыр ауылының құрамына енгізу арқылы Баймолда ауылдық округінің Тереңкөл ауылы;

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты кейіннен есептік деректерден шығару және оның аумағын Лебяжі ауданы Черное ауылының құрамына енгізу арқылы Қызыләскер ауылдық округінің Құмсуат ауылы;

елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты кейіннен есептік деректерден шығару және оның аумағын Лебяжі ауданы Жамбыл ауылының құрамына енгізу арқылы Жамбыл ауылдық округінің Широкое ауылы.

2. Осы қаулының және шешімнің орындалуын бақылау азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар облысының әкімі
Сессия төрағасы,
облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Бақауов

В. Берковский

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК